

БИОЛОГИЯ

I НҰСҚА

1. Қазақтың арқар- меринос тұқымын шығаруға қатысқан ғалым:

- A) А. Жандеркин
- B) X. Досмұхамедов
- C) М. Байтенов
- D) А. Слудский
- E) Ж. Кудерин

2. Органикалық тыңайтқыш:

- A) селитра
- B) күл
- C) калий хлориды
- D) суперфосфат
- E) көң

3. Бір- біріне пайдалы, бірлесіп өсу қалай аталады?

- A) флора
- B) бірлестік
- C) паразитизм
- D) қорық
- E) селбесу(симбиоз)

4. Қияр тұқымын себу тереңдігі:

- A) 5-6 см.
- B) 2-3 см.
- C) 3-5 см.
- D) 2-5 см.
- E) 6-7 см.

5. Бұршақ тұқымдасының гүліндегі ең үлкен күлтесі:

- A) күлте
- B) тостағанша
- C) желкен
- D) қайықша
- E) ескекше

6. Ақ мүк деп аталу себебі:

- A) тамыры болмағандықтан
- B) өлі жасушаларының іші ауаға толы болғандықтан
- C) ризоидтары болмағандықтан
- D) шымтезекке айналуынан
- E) батпақта өсетіндіктен

7. Лакмус алынатын өсімдік:

- A) қына
- B) қалпақшалы саңырауқұлақ
- C) балдыр
- D) бактерия
- E) зең саңырауқұлағы

8. Кірпікшелі кебісше:

- A) құстарға қорек
- B) шымтезек түзуге қатысады
- C) су өсімдіктеріне тыңайтқыш
- D) суды оттегімен байытады
- E) су жануарлары үшін қорек

9. Кеме үшін қауіпті, бірақ әк өндірілетін аралдар:

- A) шеңберлі риф
- B) рифтердің барлық түрі
- C) жағалық риф
- D) рифтер түзген маржан қаңқалары
- E) тосқауыл риф

10. Дене тұрқы 15-25 мм дей болатын су бетінде тіршілік ететін жалпақ құрт:

- A) сүлік
- B) шұбалшаң
- C) гидра
- D) ақ сұлама
- E) эвглена

11. Бауыраяқты ұлуларға жататындар:

- A) каракатицалар
- B) сегізаяқтар
- C) қошқармүйіз
- D) інжуір
- E) кальмарлар

12. Қышыма кененің аузы:

- A) кеміргіш
- B) сүзгіш
- C) ұсақтағыш
- D) сорғыш
- E) шайнағыш

13. Қосмекенділерге жатпайтын:

- A) гаттерия
- B) саламандра
- C) бақбақыл
- D) құрбақа
- E) тритон

14. Мүшелер жүйесінің жұмысын үйлесімді реттеп отыратын:

- A) тірек- қимыл жүйесі
- B) ас қорыту жүйесі
- C) сезім мүшелері
- D) жүйке жүйесі
- E) қан айналу жүйесі

15. Мидың қантамырлары тарылса:

- A) тамырдың соғуы бәсеңдейді
- B) температура төмендейді
- C) бас айналады
- D) құлағы шулайды
- E) есінен танады

16. Қантамырларының қабырғасы:

- A) көлденең жолақты жүрек ұлпасынан түзіледі
- B) екібасты бұлшық еттен түзіледі
- C) бірыңғай салалы бұшықет ұлпасынан түзіледі
- D) көлденең жолақты қаңқа ұлпасынан түзіледі
- E) үшбасты бұлшық еттен түзіледі

17. Лейкоциттер түзілетін жер:

- A) лимфада
- B) көк бауырда, жілік кемігінде, лимфа түйінінде
- C) бауырда
- D) тек жілік кемігінде
- E) тек лимфа түйінінде

18. Оттегін тасымалдаушы қанның құрам бөлігі:

- A) фибрин
- B) гемоглобин
- C) лейкоцит
- D) гемотромбоцит
- E) тромбоцит

19. Сілекей безінің әсерінен крахмал:

- A) глюкозаға айналады
- B) аминқышқылына айналады
- C) инсулинге айналады
- D) гликогенге айналады
- E) фруктозаға айналады

20. Сүт бездерінің ақуызы (нәруызы):

- A) липаза
- B) миозин
- C) гемоглобин
- D) казеин

E) альбумин

21. Ақырғы ыдырау өнімдері шығатын мүшеге жатпайтыны:

- A) бүйрек
- B) өкпе
- C) ішек
- D) тері
- E) өт

22. Адамның дене жасушаларындағы хромосома саны:

- A) 42
- B) 46
- C) 48
- D) 40
- E) 44

23. Шаңқая түскен жарықтың көзге әсері:

- A) соқыр болады
- B) жақыннан көргіштік дамиды
- C) рецепторларды тітіркендіреді
- D) алыстан көргіштік дамиды
- E) қан тамырларын кеңейтеді

24. Шартсыз рефлекстер доғалары өтетін:

- A) рефлекс доғалары ми бағаны немесе жұлын арқылы өтеді
- B) жүйке жүйесі
- C) үлкен ми сыңарлары
- D) үлкен ми сыңарындағы сопақша ми мен көпір арқылы
- E) тек үлкен ми сыңарындағы жұлын арқылы

25. Ең алғаш жасушаны ашқан:

- A) Р. Гук
- B) Т. Шванн
- C) М. Шлейден
- D) Р. Вирхов
- E) Ч. Дарвин

БИОЛОГИЯ

2- НҰСҚА

1.Қазақстанның “Қызыл кітабының” бірінші бөлімінің шыққан жылы:

- A) 1989
- B) 1987
- C) 1996
- D) 1981
- E) 1978

2.Өсімдіктің тамыр арқылы топырақтан сіңіретіні:

- A) органикалық заттар
- B) торф(шымтезек)
- C) балшық
- D) қарашірік
- E) су және минералды тұздар

3.Бір гүлде аталығы да, аналығы да болса:

- A) қос жынысты
- B) дара жынысты
- C) бір үйлі
- D) екі үйлі
- E) жыныссыз

4.Қарағайлы орман өсетін топырақ:

- A) қара
- B) құмды
- C) қызғылт
- D) сазды
- E) сұр

5.Астық тұқымдасының жемістері:

- A) дәнек
- B) қауашақ
- C) жидек
- D) тұқымша
- E) бұршақ қап

6.Хламидомонада жасушасының сыртын қаптайтын:

- A) кірпікшелер
- B) « көзше »
- C) хроматофор
- D) қабықша
- E) талшықтар

7.Пішіні бұта тәрізді:

- A) бұғы қынасы
- B) цетрария

- C) пармелия
- D) бұғымүк (ягель)
- E) ксантория

8.Кәдімгі амебаның қорегі:

- A) тек бактериялар
- B) су өсімдіктерінің шіріген жапырақтары
- C) тек балдырлар
- D) ұсақ балдырлар мен бактериялар
- E) органикалық заттар

9.Су астында риф жартастарын түзетін ішекқуысты:

- A) гидра
- B) көпаяқты маржан
- C) актиния
- D) полип аурелия
- E) медуза

10.Сүліктің сорғыштарының орналасқан жері:

- A) өнешінде
- B) жұтқыншағында
- C) денесінің екі ұшында
- D) аузында
- E) құйрығында

11.Айқұлақ қай класқа жатады?

- A) жұмырқұрттар
- B) сирекқылтанды
- C) қосжақтаулылар
- D) көпқылтанды
- E) бауыраяқты

12.Шаянтәрізділерге жататаын:

- A) қара шыбын
- B) кәдімгі тоспаулу
- C) ұлу
- D) дафния
- E) қоңыз

13. Адамның дене жасушаларындағы хромосома саны:

- A) 42
- B) 46
- C) 48
- D) 40

Е) 44

14. Қан айналым мүшесін құрайтындар:

- A) жүрек және қылтамыр
- B) жүрек және барлық қантамырлар
- C) тек қана салатамыр
- D) тек қана жүрек
- E) тек қана қан тамырлар

15. Жұлындағы екі терең жұлгенің (борозда) орналасқан жері:

- A) артқы бетінде
- B) алдыңғы бетінде
- C) алдыңғы және артқы бетінде
- D) омыртқа өзегінде
- E) жұлын өзегінде

16. Бұлшықеттің жұмысына энергия көзі болып саналатыны:

- A) су
- B) минералды заттар
- C) витаминдер
- D) органикалық заттар
- E) ферменттер

17. Қаны бірінші топқа жататын адамға қай топтағы қанды құюға болады:

- A) екінші топтағы
- B) кез келген топтағы қанды
- C) екінші, төртінші топтағы
- D) тек бірінші топтағы
- E) үшінші топтағы

18. Өкпеден жүрекке баратын қантамыр:

- A) көмірқышқыл газына бай
- B) оттегіне бай
- C) азотқа бай
- D) азот оксидіне (II) бай
- E) бөгде газдарға бай

19. Сілекей бөлінуін реттейтін орталық :

- A) аралық ми
- B) үлкен ми сыңарлары
- C) сопақша ми
- D) мишық
- E) ортаңғы ми

20. Эритроцит құрамына кіретін химиялық элемент:

- A) темір
- B) азот
- C) калий
- D) кальций
- E) оттегі

21. Бүйректің пішіні:

- A) үшбұрыш тәрізді
- B) шар тәрізді
- C) оралма тәрізді
- D) сопақша пішінді
- E) үрмебұршақ тәрізді

22. Адамның дене жасушаларындағы хромосома саны:

- A) 42
- B) 44
- C) 40
- D) 46
- E) 48

23. Жүріп бара жатқан көлікте оқудың көзге зияны әсері:

- A) колба тәрізді клеткаларды тітіркендіреді
- B) көз қарашығын үлкейтеді
- C) көз бұршағын өзгертеді
- D) торлы қабықты тітіркендіреді
- E) көз рецепторын тітіркендіреді

24. Қозу мен тежелудің жүретін жері:

- A) жүйкенің шеткі бөлімінде
- B) жұлында
- C) мида
- D) сезгіш жүйкелерде
- E) қозғаушы жүйкелерде

25. ДНҚ молекуласының құрамына кіретін нуклеотидтердің саны:

- A) нуклеотидтің төрт түрі
- B) нуклеотидтің үш түрі
- C) нуклеотидтің бес түрі
- D) нуклеотидтің екі түрі
- E) нуклеотидтің алты түрі